

Маңғыстау облысының білім басқармасы

«Маңғыстау туризм колледжі» МКҚК



**Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлері бойынша
колледж қызметінің өзін-өзі бағалауы туралы есеп
(2020-2021 жағдай бойынша)**

Заңды мекенжайы мен деректемелері

130000, Маңғыстау облысы,
Ақтау қаласы, 23 шағын аудан,
8- ғимарат.
Телефон (факс): (87292) 60-56-18.
E-mail: mkt_aktau@mail.ru

Директоры:

физика-математика ғылымдарының
кандидаты, профессор
Утебаев Мазилбек Нұрбосынұлы

Өзін-өзі бағалау нәтижелері
туралы есепті ұсыну күні

« 02 » желтоқсан 2022ж.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

«Маңғыстау туризм колледжі» МКҚК

(білім беру ұйымының атауы)

(2020-2021 жағдай бойынша)

16.1) Маңғыстау туризм колледжі өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Маңғыстау облысы білім басқармасының нормативтік актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

«Маңғыстау туризм колледжі» МКҚК заңды мекен-жайы мен деректемелері:

130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, 8-ғимарат.

Телефон (факс): (87292) 60-56-18. E-mail: mkt_aktau@mail.ru

Директоры: Измухамедов Мирсат Айденович

«Маңғыстау туризм колледжі» МКҚК – студенттердің, педагогтардың, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі тараптардың мүддесі үшін жұмыс істейтін өзекті білім беру жүйесі, ашық ақпараттық ортасы және заманауи инфрақұрылымы бар білім беру оқу орны.

Маңғыстау туризм колледжі өз қызметін 2009 жылдың 6 тамызынан бастап кәсіптік және техникалық білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыруда. Білім беру саласында халықтың сұранысын қамтамасыз ету үшін біздің өңірге қажетті мамандарды даярлау мақсатында қонақ үй сервисі, мейрамхана ісі және туристік бизнес салалары бойынша құрылған.

Колледж білім беру қызметін Маңғыстау облысының Білім саласындағы бақылау департаменті 20.04.2016 ж. берген №KZ 29LAA00006857 Білім және ғылым саласындағы қадағалау лицензиясы негізінде күндізгі және сырттай оқу нысандарының 5 мамандығы мен 9 біліктілігі бойынша мерзімсіз қолданылу мерзіміне сәйкес жүзеге асырады.

Маңғыстау туризм колледжі білім беру бағдарламаларының іске асырылуы мен қызметінің сәйкестігі үшін тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінен (IAAR) институционалдық аккредиттеуден өтті (13.12.2017 ж. №aa0070 сертификаты).

Колледж миссиясы:

«Экономика. Басқару. Сервис» салалары бойынша білім беру қызметтерін көрсетуді «Туризм», «Қонақ үй қызметі», «Қоғамдық тамақтану», «Аударма ісі», «Маркетинг» білім беру бағдарламалары арқылы жергілікті және өңірлік деңгейде бәсекеге қабілетті жоғары білікті орта буын және жұмысшы біліктілігін даярлау үшін кәсіптік білім беру жүйесін жұмыс берушінің өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайларына үздіксіз жаңартуды және бейімдеуді қамтамасыз ету.

Миссияға сүйене отырып, колледж өзі үшін келесі стратегиялық басымдықтарды анықтайды:

- инновациялық, ғылыми-әдістемелік, жобалық қызметті дамыту;
- жастардың табысты әлеуметтенуі мен кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау;
- республикалық және халықаралық стандарттар деңгейіне қол жеткізу үшін жағдай жасау;
- кадрларды даярлау және қайта даярлау және біліктілігін арттыру үшін жағдай жасау;
- халықаралық ынтымақтастық үшін жағдай жасау;
- оқытудың жаңа технологияларын енгізу;
- инфрақұрылымды, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді дамыту.

Колледж кәсіптік және техникалық білім берудің оқу бағдарламаларын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500

бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары мен біліктіліктерінің жіктеушісіне» сәйкес жүзеге асырады. Колледж 4 бағыт бойынша мамандар даярлайды:

1. Экономика. Басқару. Сервис (3-4 курстар).
2. Өнер және гуманитарлық ғылымдар.
3. Бизнес, басқару және құқық.
4. Қызметтер.

2020-2021 оқу жылында колледж келесі мамандықтар мен біліктіліктер бойынша білім беру бағдарламаларын жүзеге асырды:

- 0507000- Қонақүй шаруашылығында қызмет көрсетуді ұйымдастыру/ 0507063- Супервайзер;

- 0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру/ 0508012- Аспаз;
- 0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру/ 0508022- Кондитер
- 0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру/ 0508063- Технолог-менеджер
- 0511000-Туризм/ 0511043- Менеджер;
- 0512000- Аударма ісі/ 0512023- Гид- аудармашы;
- 0513000- Маркетинг/ 0513053- Маркетолог.

2020-2021 оқу жылында білім алушылар контингенті 940 білім алушыны құрайды (мемлекеттік тапсырыс бойынша), оның ішінде:

- ЖБ -656 қаражаты есебінен,
- РБ - 284 қаражаты есебінен.

2020- 2021 оқу жылында студенттерді қабылдау 350 студентті құрады (мемлекеттік тапсырыс бойынша). Мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылардан:

- МБ- 250 қаражаты есебінен,
- РБ- 100 қаражаты есебінен.

Дуальды оқыту аясында 2020-2021 жылдары 2-4 курстың 74 студенті дайындықтан өтеді.

Кадрларды даярлауды колледждің 68 оқытушысы және өндірістік оқыту шеберісі қызмет етеді, оның 64- і жоғары білімді, 4-еуінің техникалық және кәсіптік білімі бар.

Маңғыстау туризм колледжінің материалдық-техникалық базасы жеткілікті дамыған: жеке тұрған ғимарат (жобалық қуаты 750 орын), 160 орындық жатақхана, кітапхана, оқу залы, спорт залы, тренажер залы, мұражай, альпинизм бөлімі.

Оқу процесінде 37 кабинет пайдаланылады, оның ішінде:

- жалпы білім беретін және арнайы пәндер кабинеттері-20
- компьютерлік кабинеттер-3
- мультимедиялық кабинеттер-2
- лаборатория-12

Аудиториялар мен кабинеттер 25 интерактивті жабдық жиынтығымен, 57 компьютермен жабдықталған. Оқытуды ұйымдастырудың тиімділігін арттыру үшін edus білім беру процесінің электрондық мониторинг жүйесі қолданылады. Студенттер үшін жоғары жылдамдықты Интернет, Wi-Fi ұсынылған.

Ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, патриотизм мен азаматтықты қалыптастыруға, білім алушылардың жан-жақты мүдделері мен қабілеттерін дамытуға бағытталған тәрбие компонентін іске асыру мақсатында білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес 2020-2021 оқу жылындағы тәрбие жұмысына талдау жүргізілді.

Мақсаты: 2020-2021 оқу жылындағы тәрбие жұмысы бойынша ұжымның жұмысын талдау, тәрбиенің бағыттары бойынша жұмысты жетілдіру мәселелері, жолдары мен тәсілдерін анықтау.

Мақсаттарды жүзеге асыру үшін міндеттерді іске асыру қажет болды:

-жастарды тәрбиелеуде рухани жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіруді қамтамасыз ететін үздіксіз және сабақтастықпен оқыту;

- әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға, гуманизм мен толеранттылыққа тәрбиелеуге, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға, белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу және өткізу;

- ҚР Мемлекеттік басымдықтары мен құндылықтарын ескере отырып, түрлі оқиғаларға баға беру қабілетін дамыту:

- Отанды қорғауға дайын болуға тәрбиелеу;

- ел мен халықтың салт-дәстүрлерін, саяси тарихын білуді дамыту;

- жалпыадамзаттық құндылықтарды көрсететін адамгершілік, саяси-құқықтық бағдарларды іске асыруға ықпал ету;

- денсаулыққа зиян келтіретін факторлар, денсаулықты сақтау мен нығайтудың нақты мүмкіндіктері туралы түсініктерді қалыптастыру.

Колледжде тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасына, ҚР Білім және ғылым министрінің 15.04.2019 жылғы №145 бұйрығымен бекітілген "Руханижаңғыру" бағдарламасын іске асыруда Тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздеріне, "Маңғыстау туризм колледжі" МКҚК-ның 2021-2026 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Мақсаты: халықтың жалпыадамзаттық мәдени құндылықтарына, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне негізделген білімді және дені сау ұрпақ тәрбиелеу.

2020-2021 оқу жылындағы тәрбие жұмысын қорытындылай келе, колледждің педагогикалық ұжымы жоспарланған шараларды сәтті жүзеге асырудағы алдына қойылған міндеттерді шешуге деген ұмтылысын атап кетуге болады. Тәрбие жұмысымен айналысатындардың саны - 67, олардың 41-і кураторлық етеді. Студенттік жастармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру және іске асыру мәселелері педагогикалық кеңесте, кураторлардың ӘБ, құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесінде талқылауға шығарылды.

Колледж ұжымы оқу жылы ішінде бірыңғай тәрбие кеңістігін құруға талпынды, оның басты құндылығы әр студенттің жеке басы, оны шынайы құндылықтармен таныстыру, кез-келген қиын жағдайда және төтенше жағдайларда бір-біріне деген құрметті, өзара түсіністікті, толеранттылықты және өзара ынтымақтастыққа деген ұмтылысты сақтай білуге бағытталды.

Студент жастардың бос уақыттарында колледждің әртүрлі тәрбиелік бағыттарына, сондай-ақ спорттық іс-шараларға белсенді қатыстыру мақсатында өткізілетін мәдени іс-шаралардың ережелері мен сценарийлері бекітілді. Колледжде әлеуметтік өзара қарым-қатынас, белсенді өмірлік ұстаным, азаматтық өзін-өзі тану, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі басқару, жүйелі-белсенді сипаттағы құзыреттерді қалыптастыру үшін жағдайлар жасалған. Осыған сәйкес студенттердің бос уақытын, оқуын, шығармашылық өзін-өзі көрсетуін ұйымдастыру мәселелерін шешетін ЖІК (Жастар ісі жөніндегі комитет) жұмыс істейді.

Колледждің тәрбие процесі педагогикалық кеңістікте 8 бағыт бойынша жүргізілді: Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие, ұлттық тәрбие, отбасылық тәрбие, экономикалық еңбек және экологиялық тәрбие, көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие, зияткерлік

Ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу, дене тәрбиесі, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Барлық бағыттар бойынша колледжде тәрбие жұмысы мақсатты түрде жүргізілді.

1-семестрде короновирустық пандемияға байланысты барлық колледж студенттері онлайн режимінде оқығаны белгілі. Тек қаңтардан наурызға дейін 1 курс студенттері офлайн режимінде оқыды, сәуір айынан бастап барлық колледж студенттері онлайн

режимінде оқуды жалғастырды. Осыған байланысты тәрбиелік сипаттағы колледждің барлық іс-шаралары тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес ZOOM платформасы арқылы кураторлық сағаттар, әңгімелер, кездесулер, конкурстар, жиналыстар және т. б. өткізілді.

Оқытудың ерекше жағдайларына қарамастан, студенттік өзін-өзі басқарудың жаңа формаларын енгізу арқылы студенттердің белсенді өмірлік ұстанымын дамыту тәрбие жұмысының жүйесіне ерекше назар аударылды. Өзін-өзі басқаруды жетілдіру қазіргі білім беру мекемесіндегі ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады, өйткені өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру студенттердің дарындылығын дамытуға ықпал етеді (қарым-қатынас, шығармашылық және көшбасшылық қызмет саласында).

Колледжде осы оқу жылында студенттердің өзін-өзі басқаруының негізгі қағидасы студенттердің өздерінің бастамасымен болды. Оқу жылы ішінде колледжде ЖІК (Жастар ісі жөніндегі комитет) белсенді қызметін жалғастырды. ЖІК (Жастар ісі жөніндегі комитет) құрамы сайланды (37 адам, төраға Антюфеева Милена), актив мүшелері арасында міндеттер бөлінді, осы оқу жылына арналған жұмыс жоспары жасалып, бекітілді.

Әрбір оқу тобында студенттік өзін-өзі басқару органдары жұмыс істейді: староста, оқу, спорт, мәдени-бұқаралық, ақпараттық секторлар. Олар топтың құндылық бағдары мен белсенді өміріне оң әсер етеді. Студенттік кеңестің құрамы топ басшылары мен төрағадан тұрады.

Студенттік кеңестің мүшелері төменде көрсетілген бағыттар бойынша (оқу, ақпараттық, спорттық, мәдени) орталықтардың төрағалары болып табылады.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігінің 2020 жылдың 6 ақпан айындағы № 130 бұйрығына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Маңғыстау туризм колледжінің оқу құжаттамасы келесі формаларды құрайды:

- орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған оқу жұмыс бағдарламасы;

- орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар (Edus жүйесіне пән (модуль, ОН) бекітілген оқытушы енгізеді);

- орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған педагогінің сабақ жоспары (оқытушы әзірлейді және әр сабаққа міндетті);

- орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған теориялық оқытуды есепке алу журналы (Edus жүйесі);

- орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған жеке сабақтарды есепке алу журналы (ағымдағы оқу жылында жоқ, қажет болған жағдайда Edus жүйесі арқылы қолданылатын болады);

- орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған өндірістік оқытуды есепке алу журналы;

- орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған оқу жылына арналған жұмыс жоспары;

- орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған колледжішілік бақылау жоспары;

- орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған оқу жұмыс жоспары;

- орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік жұмыс жоспары;

- орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған педагогтердің оқу жүктемесі (тарифтеу) туралы мәліметтер;
- орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған білім алушының үлгерім кітапшасы;
- орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған дипломдар беру кітабы;
- орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған дипломдардың телнұсқасын беру кітабы;
- орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған академиялық анықтама беру кітабы;
- орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған білім алушылардың атаулы кітабы.

Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының негізінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» жүзеге асады:

- жалпы білім беру, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді оқу, жалпы білім беретін пәндерді, негізгі және кәсіптік модульдерді оқу;
- зертханалық және практикалық сабақтарды орындау;
- өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы өткізу;
- аралық және қорытынды аттестациядан өту;
- курстық жұмысты орындау.

Сонымен қатар, аралық және қорытынды аттестациядан өту, курстық жұмыстарды орындау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 373 бұйрығының талаптарымен реттеледі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы».

2020 жылы Маңғыстау туризм колледжі "Жас маман" жобасына кіріп, 300 млн.теңгеден астам сомаға наубайхана, кондитерлік және аспаздық іс бойынша заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Маңғыстау туризм колледжі «Жас маман» жобасына қатысудың арқасында қуатты, заманауи материалдық-техникалық базамен, сондай –ақ жоғары білікті оқытушылармен және өндірістік оқыту шеберлерімен қамтылды.

Колледжде білім беру саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жоспарлаудың мынадай схемасы қабылданды: колледж қызметін стратегиялық жоспарлау; колледж қызметін оқу жылына жоспарлау; жылдық жоспар негізінде колледж бөлімшелерінің қызметін жоспарлау; бюджетті әзірлеу

Колледждің 2015-2020 жылдарға арналған стратегиялық жоспары 29.08.2015 жылғы педагогикалық кеңестің 1- отырысында қайта қаралып, бекітілді.

Маңғыстау туризм колледжінің 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспары «Маңғыстау облысы бойынша техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2019-2021 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасының» бағыттарын ескере отырып әзірленді.

Қызметті жоспарлау және жүзеге асыру мәселелерін қарау колледждің педагогикалық кеңесінде жүргізіледі. Өткен оқу жылындағы жұмыс қорытындыларының нәтижелері бойынша бірыңғай жылдық жұмыс жоспары әзірленеді және оны колледж директоры бекітеді.

Колледждің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру жөніндегі негізгі құжаттар: колледжді дамытудың стратегиялық жоспары, колледждің оқу, оқу-әдістемелік, оқу-өндірістік және тәрбие жұмысының жоспары, Педагогикалық кеңестің жоспары; пәндік-циклдік комиссиялардың жұмыс жоспары; колледждің ішкі тәртіп ережелері, бұлардың барлығы жыл сайын Педагогикалық кеңестің бірінші отырысында бекітіледі.

Жаңа оқу жылына студенттерді тиімді қабылдау мақсатында «Кәсіптік бағдар беру жұмысы жөніндегі іс-шаралар жоспары» әзірленді. Әлеуметтік желілерде колледж әкімшілігімен тікелей эфирлер өткізіледі, колледждің инженерлік-педагогикалық қызметкерлері кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу үшін қала және облыс мектептеріне бекітіліп, буклеттер, жарнамалық парақтар дайындалады. Жыл сайын 9-сынып оқушылары үшін «Ашық есік күні» өткізіледі, онда колледж қызметкерлері әлеуетті талапкерлерді мамандықтармен, колледждің күн тәртібімен, жарғысымен, корпоративтік мәдениет кодексімен және колледжде жұмыс істейтін үйірмелер мен студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарымен, колледждің оқу және зертханалық базасымен таныстырады. Кәсіптік бағдар беру жұмысы туралы тиісті ақпарат әлеуметтік желілерде және колледж сайтында орналастырылады.

Қазіргі уақытта колледж Маңғыстау облысының ірі сервис кәсіпорындарымен 80-нен астам шарт жасасты. Негізгі әлеуметтік серіктестер:

- «Aktau Tourism City Ltd» туристік-қонақ үй кешені (Rixos Aktau)
- «Renaissance Aktau Hotel» қонақ үйі
- «Grand Hotel Victory» қонақ үйі
- «Holiday Inn» қонақ үйі
- «Caspian Riviera» қонақ үйі
- «Silk Way» ЖШС қонақ үйі
- «Каспий жағалауы» қонақ үй кешені
- «Жерұйық» қонақ үйі
- «Мандарин» қонақ үйі
- «Турист» ЖШС турфирмасы.

Колледж типтік оқу жоспарлары мен бағдарламалары, сондай-ақ WorldSkills кәсіби стандарттары негізінде оқу бағдарламаларын әзірлейді. Жұмыс берушілер оқу бағдарламаларын талқылау, әзірлеу және бекіту процесіне тартылады.

Әлеуметтік серіктестер - сервис кәсіпорындары оқу процесіне белсенді аралсады, студенттер мен оқытушылардың қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне уақтылы бейімделуіне ықпал етеді. Олар өздерінің өндірістік алаңдарын ұсынады:

- студенттердің кәсіби тәжірибеден өтуі;
- оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің тағылымдамадан өту,
- педагогтердің кәсіби шеберлік конкурстарын өткізу,
- WorldSkills аймақтық чемпионаттарын өткізу.

Жұмыс беруші кәсіпорындардың өкілдері мемлекеттік аттестаттау комиссияларының төрағалары мен мүшелері болып табылады, олар сарапшы ретінде біліктілік демонстрациялық емтихандарын өткізуге қатысады.

2020 жылдан бері студенттерге және оқушыларға арналған «Skills Camp» онлайн жазғы жаттығу лагері ұйымдастырылып, өңірлік чемпионатқа дайындық жұмыстары жүргізілді.

Ресей және Беларусь мемлекетінің халықаралық сарапшыларымен онлайн кездесу өткізіліп, колледж педагоготері мен студенттері пікір алмасып, тәжірибемен бөлісті.

Болотова Оксана Дмитриевна- Томск қаласы, Ресей Федерациясы, «Тамақ өнеркәсібі, сауда және қызмет көрсету колледжі» облыстық мемлекеттік бюджеттік кәсіптік білім беру мекемесінің арнайы пән оқытушысы, Халықаралық сарапшы.

Кондратьев Никита Александрович – Томск қаласы, Ресей Федерациясы, арнайы пән оқытушысы,

WorldSkills Russia 2018 жыл чемпионатының «Мейрамхана ісі» құзыреттілігі бойынша қола медаль жеңімпазы, WorldSkills Russia «Мейрамхана ісі» құзыреттілігі бойынша сарапшы және жаттықтырушы

Уездный Николай - Тимофеевич - Чуваш Республикасы аспаздық қауымдастығының төрағасы

Ярова Анна Вячеславовна - Оқытушы, наубайхана құзыреттілігі бойынша сертификатталған сарапшы, «Чебоксары экономика және технология колледжі»

Сонымен қатар республика деңгейінде онлайн семинарлар, Бас сарапшымен 1 сағат атты вебинарлар, онлайн жаттығу лагерлері өткізілді.

2) Колледжде дайындалатын мамандықтардың оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламалары мәліметі

2018-2019 оқу жылы қабылданған мамандықтардың жұмыстық оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №72 бұйрығының және 2015 жылғы 15 маусымдағы №384 бұйрығының 49, 488, 497, 502, 505-ші қосымшаларына сәйкес:

-0507000-Қонақ үй шаруашылығында қызмет көрсетуді ұйымдастыру/ 0507063- Супервайзер (ауысым бастығы);

-0507000-Организация обслуживания гостиничных хозяйств/ 0507063- Супервайзер (начальник смены);

-0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру/ 0508063- Технолог- менеджері;

-0508000-Организация питания/ 0508063- Технолог- менеджер;

-0511000-Туризм/ 0511043-Менеджер;

-0511000-Туризм/ 0511043-Менеджер;

-0513000-Маркетинг/ 0513053-Маркетолог;

-0513000-Маркетинг/ 0513053-Маркетолог.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары бойынша жұмыстық оқу жоспары мен модульдік оқу бағдарламалары төмендегі мамандықтар дайындалды:

2018-2019 оқу жылы

-0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру/ 0508012-Аспаз;

-0508000-Организация питания/ 0508012-Повар.

-0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру/ 0508022-Кондитер.

-0508000-Организация питания/ 0508022-Кондитер біліктіліктерінің жұмыстық оқу жоспарлары дайындалды.

2019-2020 оқу жылы

-0507000-Қонақ үй шаруашылығында қызмет көрсетуді ұйымдастыру/ 0507063- Супервайзер (ауысым бастығы);

-0507000-Организация обслуживания гостиничных хозяйств/ 0507063- Супервайзер (начальник смены);

-0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру/ 0508063- Технолог- менеджері;

-0508000-Организация питания/ 0508063- Технолог- менеджер;

-0511000-Туризм/ 0511043-Менеджер;

-0511000-Туризм/ 0511043-Менеджер;

-0513000-Маркетинг/ 0513053-Маркетолог;

-0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру/ 0508022-Кондитер біліктіліктерінің жұмыстық оқу жоспарлары дайындалды.

3) Колледждің жұмыстық оқу жоспарлары мен модульдік оқу бағдарламалары:

- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығын;

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығын;

(Бағаланатын кезеңдегі ТжКБ ОБ PDF көшірмелері қоса берілді).

Колледжде 2020-2021 оқу жылында оқуға қабылданған барлық мамандықтардың жұмыстық оқу жоспарлары мен модульдік оқу бағдарламалары кредиттік оқыту технологиясы бойынша:

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығын;

(Бағаланатын кезеңдегі ТжКБ ОБ PDF көшірмелері қоса берілді).

4) Оқу нәтижелеріне бағдарланған оқу жоспарының барлық пәндері және (немесе) модульдері бойынша жұмыс оқу бағдарламалары әзірленді және бекітілді.

ҚР білімі және ғылым министрінің 22 қаңтар 2016 жылғы №65 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышына» (бұдан әрі Сыныптауыш)

2018-2019 оқу жылы қабылданған

-0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру/ 0508012-Аспаз;

-0508000-Организация питания/ 0508012-Повар;

-0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру/ 0508022-Кондитер;

-0508000-Организация питания/ 0508022-Кондитер біліктілігі.

2019-2020 оқу жылы қабылданған

-0507000-Қонақ үй шаруашылығында қызмет көрсетуді ұйымдастыру/ 0507063-Супервайзер (ауысым бастығы);

-0507000-Организация обслуживания гостиничных хозяйств/ 0507063- Супервайзер (начальник смены);

-0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру/ 0508063- Технолог- менеджері;

-0508000-Организация питания/ 0508063- Технолог- менеджер;

-0511000-Туризм/ 0511043-Менеджер;

-0511000-Туризм/ 0511043-Менеджер;

-0513000-Маркетинг/ 0513053-Маркетолог;

-0513000-Маркетинг/ 0513053-Маркетолог біліктіліктері болды.

Сыныптауышта белгіленген оқу мерзімдеріне сәйкес, жұмыстық оқу жоспары жасақталды. Бітіргендігі туралы куәлік берілді.

2020-2021 оқу жылы қабылданған мамандықтар бойынша жұмыстық оқу жоспары базалық және кәсіптік модульдерді басшылыққа алып, жұмыс берушілермен және «Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы» КММ-мен келісе отырып, дайындалды және колледж директорымен бекітілді. (көшірмесі тіркелді)

Жұмыстық оқу жоспарын жасақтау барысында базалық және кәсіптік модульдерді мағынасына және қарапайымнан күрделі қарай тереңдетіліп, курстар мен семестрлерге бөлінді.

2020-2021 оқу жылы 40 оқытушы 61 біліктілік көтеру курсынан өтті. Курстар тақырыптары «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының сапасын басқару», «Педагогтердің ІТ-қүзіреттіліктерін дамыту және жетілдіру», «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде оқыту нәтижелерін бағалаудың негізгі компоненттері», «WorldSkills стандарттары бойынша аймақтық чемпионаттарды ұйымдастыру және өткізу процесінің негізгі аспектілері», Орта білім мазмұның жаңарту аясында ағылшын тілі білім беру пәні бойынша колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру, «Қашықтықтан оқыту жағдайында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру», «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесі әзірлеген Қазақстан республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында «Ағылшын тілі», Орта білім мазмұның жаңарту аясында дене шынықтыру жалпы білім беру пәні бойынша колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру курстары. Ішкі туризм академиясының ұйымдастыруымен «Туризм на пальцах – Вводный курс», «Как найти свою нишу и упаковать турпродукт», «Продажи и продвижение в туризме», «Гостевой дом или мини-отель в Казахстане. Инструкция к применению» кіріспе курстарда оқытушылар біліктілігін

көтерді. «Орта білім мазмұнын жаңарту аясында «Орыс тілі мен әдебиеті» жалпы білім беру пәні бойынша колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру» және «Орта білім мазмұнын жаңарту аясында « Дене тәрбиесі» жалпы білім беру пәні бойынша колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру», «Орта білім мазмұнын жаңарту аясында « Қазақ тілі мен әдебиеті» жалпы білім беру пәні бойынша колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру», Жас маман" жобасы шеңберінде "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын трансформациялау процесіндегі басшының рөлі: халықаралық тәжірибе" және тағы басқа тақырыптарында біліктілік көтерді.

Курсты «Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Оқу-тренингтік орталығы, BilimCenter, British council+ Өрлеу, "Английский язык" в рамках обновления содержания образования РК, Certificates of attendance and completion, NIS «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы және "Өрлеу" БАҰО" АҚ біліктілік арттыру орталықтары ұйымдастырды.

5) Ағымдағы оқу жылында студенттер құрамында ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалар жоқ. Қажет болған жағдайда олардың психофизикалық дамуының ерекшеліктері мен білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған жеке оқу жоспарлары мен арнайы оқу жоспарлары іске асырылады.

6) Мамандық бейініне қарай білім беру бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларын әзірлеу кезінде колледж тереңдетілген және типтік білім беру деңгейлерінің екі пәнін оқуды таңдады.

Жаратылыстану және математикалық бейіні келесі мамандықтар мен біліктіліктерді қамтиды:

- 10130300-Тамақтандыруды ұйымдастыру/ 3W10130302-Аспазшы
- 10130300-Тамақтандыруды ұйымдастыру/ 3W10130301-Кондитер-безендіруші
- 10130300-Тамақтандыруды ұйымдастыру/ 4S10130303-Технолог
- 04140100-Маркетинг (салалар бойынша)/ 4S04140103- Маркетолог

Әлеуметтік және гуманитарлық профиль келесі мамандықтар мен біліктіліктерді қамтиды:

- 10130100-Қонақ үй бизнесі/ 4S10130104-Супервайзер
- 10150100-Туризм/ 4S10150104-Туризм менеджері
- 02310100-Аударма ісі (түрлері бойынша)/ 4S02310101-Аудармашы.

8) Мамандықтың жұмыс оқу жоспары шеңберінде білім беру бағдарламасын меңгеру кезінде жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық пәндерді немесе базалық модульдерді, сондай-ақ кәсіптік модульдерді оқу қарастырылады.

0507000-Қонақүй шаруашылығында қызмет көрсетуді ұйымдастыру/ 0507063-Супервайзер, 0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру/ 0508012-Аспаз, 0508022-Кондитер, 0508063-Технолог-менеджер, 0511000-Туризм/ 0511043-Менеджер мамандықтары үшін негізгі модульдер ретінде оқытылады:

- Физикалық қасиеттерді дамыту және жетілдіру.

0512000-Аударма ісі/ 0512023-Гид-аудармашы мамандықтары үшін негізгі модульдер ретінде оқытылады:

- Кәсіптік қызмет саласында кәсіптік лексиканы қолдану
- Іс қағаздарды мемлекеттік тілде құрастыру
- Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру
- Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтану және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану

- Кәсіптік қызметте экономиканың базалық білімдерін қолдану

0513000-Маркетинг/ 0513053-Маркетолог мамандықтары үшін негізгі модульдер ретінде оқытылады:

- Кәсіптік қызмет асында кәсіптік лексиканы қолдану
- Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жасау

➤ Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру

Кәсіби модульдердің тізбесі мен мазмұны әрбір мамандық/біліктілік бойынша жұмыс берушілердің сараптамалық қорытындысын ескере отырып, МЖМБС негізінде анықталады. Қажет болған жағдайда жұмыс берушілердің ұсынысы бойынша келесі оқу жылына арналған білім беру бағдарламасына және жұмыс оқу жоспарына өзгерістер енгізіліп, салалық кеңес отырысында бекітіледі.

9) Өндірістік оқыту және кәсіптік практика Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес ұйымдастырылады және өткізіледі.

2020-2021 оқу жылында барлық мамандықтар бойынша ТЖК базасында және Қазақстан Республикасы ТЖКБ Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес өндірістік практиканың оқу жоспарлары дайындалды. Жұмыс оқу жоспарларын дайындауға колледж әдіскерлері, арнайы пән оқытушылары және жұмыс берушілер қатысады. Тәжірибе басталар алдында студенттер мен тәжірибе жетекшілері құжаттар пакетін ресімдейді, ол практика басталғанға дейін бір апта бұрын практикалық базаға тапсырылады.

Оқу жылында колледжде 16 топ, әлеуметтік серіктестік кәсіпорындарында 35 топ, ал 14 топ диплом алды тағылымдамадан өтті. Пандемия кезінде жұмысқа орналастыру үдерісі айтарлықтай қиындады, бұл кең ауқымды қызмет пен жұмысқа орналасуға байланысты болды. бар болғаны 61%-ды құрады.

Тәжірибе соңында студенттердің колледж әкімшілігімен және практикалық база өкілдерімен кездесуі өткізіліп, жұмысты қорытындылау, өткен тәжірибені талқылау, оны жаңғырту бойынша ұсыныстар жасалады.

10) Колледждің оқу топтары үшін әзірленген білім беру бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларының негізінде теориялық оқыту, өндірістік оқыту және кәсіптік тәжірибе, аралық және қорытынды аттестаттау кезеңдерін және демалысқа шығатын мерзімдерін көрсете отырып, 2020-2021 оқу жылына арналған оқу процесінің кестесі жасалды.

2020-2021 оқу жылының 1 -2- семестріне арналған оқу сабақтарының кестесі колледж оқытушылар құрамының бекітілген педагогикалық жүктемесі негізінде «Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес жасалды.

Педагогикалық жүктеме жұмыстың келесі түрлеріне арналған: теориялық (дәрістік) сабақтар, практикалық сабақтар, зертханалық жұмыстар, кәсіптік практика (оқу, оқу-таныстыру, өндірістік, тағылымдама, диплом алдындағы), курстық жұмыс, мамандық бойынша факультативтік сабақтар.

Коронавирустық пандемия бойынша шектеу шараларына байланысты оқыту қашықтан оқыту форматында өтті. Дәріс және практикалық сабақтар ZOOM платформасында сабақтар өткізілді, edus электрондық білім беру платформасында білім алушыларға жеке тақырыптарды өз бетінше оқып - үйренуге және үй тапсырмаларын орындауға мүмкіндік беру үшін білім беру мазмұны (оқытылатын пәндер бойынша теориялық материалдармен, презентациялармен, бейнематериалдармен) қамтылды. Колледждің аудиториялық қорының және оқытушылардың жұмыспен қамтылуын, сондай-ақ ZOOM платформасындағы бейнеконференция сессиясының шектеулі уақытын ескере отырып, оқу сабақтары жыл бойы үш ауысымдық режимде өткізілді:

- 1 ауысым: оқу сабақтарының ұзақтығы 08.15-тен 11.15-ке дейін;
- 2 ауысым: оқу сабақтарының ұзақтығы 11.45-тен 14.45-ке дейін;
- 3 ауысым: оқу сабақтарының ұзақтығы 15.15 - тен 18.05-ке дейін.

Оқу жылы ішінде бірінші ауысымда 15 оқу тобының 1 және 4- курс студенттері, екінші ауысымда – 14 оқу тобының 2,4- курс студенттері, үшінші ауысымда-12 топтың 3, 4- курс студенттері оқыды.

Бір жыл ішінде студенттердің орташа апталық жүктемесі білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне МЖМБС талаптарына сәйкес 36 сағатты (факультативтік сабақтарды есептегенде) құрайды.

Оқу сабақтары тіл бөлімдеріне қарай мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізілді.

Колледжде оқытушылардың педагогикалық жүктемесінің орындалуына апта сайын мониторинг жүргізіледі.

Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес келеді (семестрдегі оқу апталарының саны, семестрдің, сессияның, практиканың, каникулдың басталу және аяқталу мерзімдерінің сәйкес келуі, қорытынды аттестаттаудың белгіленген нысандарының сақталуы бойынша).

Кесте құру кезінде сабақтарды өткізу ерекшелігіне байланысты жекелеген пәндерді оқытуға қойылатын талаптар іске асырылды: оқу топтары тілдік пәндерді, информатика, ақпаратты өндеудің автоматтандырылған жүйелерін және дене шынықтыруды оқытуға арналған кіші топтарға бөлінді. Оқу пәндерін оқытудың жүйелілігі мен қисындылығы сақталды.

Семестр ішінде қажет болған жағдайда теориялық және практикалық оқыту кезеңдерін ескере отырып, сондай-ақ оқытушыларды біліктілікті арттыру курстарына жіберуге, оқытушылардың дәлелді себептермен болмауына байланысты (оқытушының директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымен келісілген өтініші бойынша немесе еңбекке уақытша жарамсыздық парағы бойынша) кестеге түзетулер жүргізіледі.

2020-2021 оқу жылында өлкетану, қытай тілі және кәсіпкерлік қызмет негіздері бойынша факультативтік сабақтар өткізу көзделген. Факультативтік сабақтар сабақтан тыс уақытта бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

Студенттерді оқытудағы кейбір олқылықтардың орнын толтыру, сондай-ақ олардың жеткіліксіз игерілген оқу дағдыларын қалыптастыру үшін жеке жұмысты ұйымдастыру мақсатында оқытылатын пәндер мен модульдер бойынша консультациялар өткізіледі.

Бұдан басқа аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау кезеңінде емтихандарды өткізу мазмұны мен регламенті бойынша консультациялар өткізіледі. Мұндай консультациялардың кестесі тиісті оқу кезеңінің аралық және қорытынды аттестаттау кестесіне енгізіледі.

Білім алушылардың үлгерімін, аралық және қорытынды аттестаттауын ағымдағы бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту» жөнінде 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 25 қыркүйектегі бекітілген № 494 бұйрығы негізінде «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес ұйымдастырылып, жүргізіледі.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау пәннің және (немесе) модульдің оқу бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабақтарда оқытушы жүргізетін білім алушылардың білімін жүйелі тексеру нысанында жүргізіледі. Ағымдағы бақылау нәтижелері EDUS электрондық платформасында көрсетіледі.

Аралық аттестаттаудың мақсаты колледж студенттерінің бақылау кезінде теориялық және практикалық білімді игеруін бақылау болып табылады. Сондай-ақ, оқушылардың жалпы даму деңгейін арттыруға, алдыңғы даму мен оқытудағы олқылықтардың орнын толтыруға бағытталған, жеткіліксіз игерілген оқу дағдыларын қалыптастыру бойынша жеке жұмысты ұйымдастыруға, жаңа оқу материалын қабылдауға бағытталған дайындықты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Аттестаттауға барлық мамандықтар бойынша күндізгі оқу нысанының студенттері қатысады. Ол үшін әрбір топқа және тиісті бақылау кезеңіне аралық аттестаттау кестесі бекітіледі.

2020-2021 оқу жылында аралық аттестаттау EDUS жүйесінің тестілеу қосымшасы арқылы онлайн-форматта өткізіледі.

Бітіруші курс студенттерін қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өткізу үшін директордың бұйрығымен мемлекеттік аттестаттау комиссиясы құрылады. МАК төрағасы болып әлеуметтік серіктес кәсіпорынның өкілі тағайындалады. Білім алушылардың оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін растау үшін МЖМБС және білім беру бағдарламаларына сәйкес қорытынды мемлекеттік аттестаттау кестесі жасалады.

2020-2021 оқу жылында қорытынды мемлекеттік аттестаттау онлайн-форматта өткізілді, оған келесі мамандықтар мен біліктіліктер бойынша 9 топтың 179 студенті жіберілді:

- 0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру/ 0508012-Аспаз, 3- курс
- 0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру/ 0508022-Кондитер, 3- курс
- 0512000-Аударма ісі/ 0512023-Гид-аудармашы, 3- курс
- 0513000-Маркетинг/ 0513053-Маркетолог, 3- курс
- 0511000-Туризм/ 0511043-Менеджер, 4- курс.

Мемлекеттік аттестаттау қорытындысы бойынша 179 түлек техникалық және кәсіптік білім туралы диплом алды, оның ішінде 4-еуі үздік диплом.

2020-2021 оқу жылында қорытынды мемлекеттік аттестаттау емтихандары экономика пәні бойынша кешенді тестілеу (орта буын мамандары үшін), гид-аудармашылар үшін шет тілі бойынша ауызша және жұмысшы біліктіліктеріне арналған WorldSkills стандарттары бойынша демонстрациялық нысанда (эксперимент режимінде) өткізілді.

11), 12) Ағымдағы оқу жылында студенттер құрамында ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалар жоқ. Қажет болған жағдайда олардың психофизикалық дамуының ерекшеліктері мен білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған жеке оқу жоспарлары мен арнайы оқу жоспарлары іске асырылады.

17 Білім алушылардың оқу жүктемесінің шекті көлемінің өлшемшарттары Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылдың 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келеді:

1) МЖМБС талабына сәйкес, жұмыстық оқу жоспарларын жасақтаған уақытта күндізгі оқу бөлімінде міндетті оқу жүктемесі 36 сағатқа есептелді. Факультативтік сабақтар мен консультацияларға бөлінген сағаттарды қоса есептегенде 54 сағаттан аспайды. Колледжде білім беру стандарты негізінде білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған және сәйкес.

Барлық оқу жылдарының жұмыстық оқу жоспарларында апталық оқу жүктемесі 36 сағатқа есептелді. Бұл көрсетілген көлемге факультативтік пәндер және консультациялар бойынша сабақтар кірмейді. Білім беру стандарты негізінде колледжде 2020-2021 оқу жылында білім алушылардың міндетті апталық оқу жүктемесі 36 сағатты құрады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Техникалық және кәсіптік білім бойынша үлгілік оқу жоспарлары және білім беретін оқу бағдарламасы» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 26.08.2014 жылғы №11-9/1055 хаты «Оқу жылы 1-ші қыркүйекте басталады және 1-ші шілдеге дейін аяқталады». Каникул кезеңі жыл ішінде 11 аптаны құрайды, оның ішінде қысқы емтихандар сессиясынан кейін 2 аптадан кем болмауы тиіс» құжаттары басшылыққа алынды.

2) МЖМБС талабына сәйкес, міндетті оқу уақытының көлемі жылына 1440 сағатты құрайды.

3) Білім алушының әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша игерген оқу нәтижелеріне негізделген оқу жүктемесінің көлемі оқу жұмыс жоспарымен, жұмыс оқу жоспарымен және оқу процесінің кестесімен айқындалады;

4) Кешкі және сырттай оқу түрі жоқ.

18. Студенттердің дайындық деңгейі ұлттық біліктілік шеңберінің дескрипторларымен, салалық біліктілік шеңберлерімен және кәсіби стандарттармен, WorldSkills стандарттарымен анықталады. Дайындық деңгейін бағалау үшін аралық, қорытынды аттестаттау материалдарында, сондай-ақ біліктілік емтихандары үшін білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау үшін тестілеу немесе демонстрациялық тапсырмалар енгізіледі.

Білім беру бағдарламаларының мазмұнымен, білім беру деңгейіне сәйкес базалық және кәсіптік құзыреттермен айқындалатын білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар сақталады. 2019-2020 оқу жылынан бастап білім алушыларды аралық аттестаттау нәтижелері туралы мәлімет (жиынтық ведомостар) есепте көрсетіледі.

Бітіруші курстардағы білім алушылардың құзыреттілігіне қойылған талаптардың (базалық және кәсіби) оқу нәтижелерін бағалау немесе жалпы білім беретін пәндерді және (немесе) кәсіптік модульдерді, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді меңгеру деңгейін МЖМБС сәйкестігін бағалайды. Білім алушылардың білім сапасын, іскерлігін, дағдылары мен құзыреттерін бағалау ведомостарының көшірмелері қоса беріледі.

19. Колледжде дайындалатын мамандықтардың жұмыстық оқу жоспарлары МЖМБС бойынша негізгі орта білім базасында білікті жұмысшы біліктілігі үшін 1 жыл 10 айға, орта буын маманы үшін 3 жыл 10 айға, жалпы орта білім базасында орта буын маманы үшін 2 жыл 10 айға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім базасында 10 айға дайындалды. (колледжде дайындалатын мамандықтардың оқу мерзімдері қосымша №1 берілді.)

Қосымша № 1

Колледжде дайындалатын мамандықтар

№	Мамандығы	Біліктілігі	Оқыту мерзімі
2018-2019 оқу жылы қабылданған мамандықтар және біліктіліктері			
1	0507000-Қонақүй шаруашылығында қызмет көрсетуді ұйымдастыру	0507021-Швейцар 0507031-Күтуші 0507042- Әкімшілік күтушісі 0507063- Супервайзер (ауысым бастығы)	9 сынып – 2 жыл 10 ай
2	0507000-Организация обслуживания гостиничных хозяйств	0507021-Швейцар 0507031-Горничная 0507042-Помощник администратора 0507063- Супервайзер (начальник смены);	9 класс – 2 года 10 месяцев
3	0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру	0508012-Аспаз 0508042-Даяшы 0508022-Кондитер	9 сынып – 2 жыл 10 ай
4	0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру	0508022-Кондитер 0508042-Официант 0508012-Повар	9 сынып – 2 жыл 10 ай

5	0508000-Организация питания	0508022-Кондитер 0508042-Официант 0508012-Повар	9 класс – 2 года 10 месяцев
6	0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру	0508012-Аспаз 0508022-Кондитер 0508042-Даяшы 0508063- Технолог- менеджері	9 сынып – 3 жыл 10 ай
7	0508000-Организация питания	0508012-Повар 0508022-Кондитер 0508042-Официант 0508063- Технолог- менеджер;	9 класс – 3 года 10 месяцев
8	0511000-Туризм	0511022-Саяхат жүргізушісі 0511032- Турист агенті 0511043-Менеджер	9 сынып – 3 жыл 10 ай
9	0511000-Туризм	0511022-Экскурсовод 0511032- Туристический агент 0511043-Менеджер	9 класс – 3 года 10 месяцев
10	0512000-Аударма ісі	0512023-Гид-аудармашы	9 сынып – 2 жыл 10 ай
11	0512000-Переводческое дело	0512023-Гид-переводчик;	9 класс – 2 года 10 месяцев
12	0513000-Маркетинг	051301 2 –Азық-түлік тауарларының сатушысы 0513053-Коммерциялық агент 0513053-Маркетолог	9 сынып – 2 жыл 10 ай
2019-2020 оқу жылы қабылданған мамандықтар және біліктіліктері			
1	0507000-Қонақүй шаруашылығында қызмет көрсетуді ұйымдастыру	0507021-Швейцар 0507031-Күтуші 0507042- Әкімшілік күтушісі 0507063- Супервайзер (ауысым бастығы)	9 сынып – 2 жыл 10 ай
2	0507000-Организация обслуживания гостиничных хозяйств	0507021-Швейцар 0507031-Горничная 0507042-Помощник администратора 0507063- Супервайзер (начальник смены);	9 класс – 2 года 10 месяцев
3	0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру	0508012-Аспаз 0508042-Даяшы 0508022-Кондитер	9 сынып – 2 жыл 10 ай
4	0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру	0508022-Кондитер 0508042-Даяшы 0508012-Аспаз	9 сынып – 2 жыл 10 ай
5	0508000-Организация питания	0508022-Кондитер 0508042-Официант 0508012-Повар	9 класс – 2 года 10 месяцев
6	0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру	0508012-Аспаз 0508022-Кондитер 0508042-Даяшы 0508063- Технолог- менеджері	9 сынып – 3 жыл 10 ай

7	0508000-Организация питания	0508012-Повар 0508022-Кондитер 0508042-Официант 0508063- Технолог- менеджер;	9 класс – 3 года 10 месяцев
8	0511000-Туризм	0511022-Саяхат жүргізушісі 0511032- Турист агенті 0511043-Менеджер	9 сынып – 3 жыл 10 ай
9	0511000-Туризм	0511022-Экскурсовод 0511032- Туристический агент 0511043-Менеджер	9 класс – 3 года 10 месяцев
10	0512000-Аударма ісі	0512023-Гид-аудармашы	9 сынып – 2 жыл 10 ай
11	0512000-Переводческое дело	0512023-Гид-переводчик;	9 класс – 2 года 10 месяцев
12	0513000-Маркетинг	051301 2 –Азық-түлік тауарларының сатушысы 0513053-Коммерциялық агент 0513053-Маркетолог	9 сынып – 2 жыл 10 ай
2020-2021 оқу жылы қабылданған мамандықтар және біліктіліктері			
1	0511000-Туризм	0511022-Саяхат жүргізушісі 0511032- Турист агенті 0511043-Менеджер	9 сынып. – 3 жыл 10 ай
2	0511000-Туризм	0511022-Экскурсовод 0511032- Туристический агент 0511043-Менеджер	9 класс – 3 года 10 месяцев
3	0512013-Аударма ісі	0512013-Гид аудармашы	9 сынып. – 2 жыл 10 ай
4	0512013-Переводческое дело	0512013-Гид переводчик	9 класс – 2 года 10 месяцев
5	0507000-Қонақ үй шаруашылығында қызмет көрсетуді ұйымдастыру	0507021-Швейцар 0507031-Күтуші 0507042-Әкімшілік көмекшісі 0507063-Супервайзер	9 сынып. – 2 жыл 10 ай
6	0507000-Организация обслуживания гостиничных хозяйств	0507021-Швейцар 0507031-Горничная 0507042-Помашник администратора 0507063-Супервайзер	9 класс – 2 года 10 месяцев
7	0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру	0508012-Аспаз 0508022-Кондитер 0508042-Даяшы 0508063-Технолог-менеджер	9 сынып. – 3 жыл 10 ай
8	0508000-Организация питания	0508012-Повар 0508022-Кондитер 0508042-Официант 0508063-Технолог-менеджер	9 класс – 3 года 10 месяцев
9	0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру	0508022-Кондитер 0508012-Аспаз 0508042-Даяшы	9 сынып. – 2 жыл 10 ай
10	0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру	0508012-Аспаз 0508022-Кондитер 0508042-Даяшы	9 сынып. – 2 жыл 10 ай

11	0508000-Организация питания	0508012-Повар 0508022-Кондитер 0508042-Официант	9 сынып. – 2 жыл 10 ай
12	0508000-Организация питания	0508012-Повар	11 сынып –10 ай

**«Маңғыстау
туризм колледжі» МКҚК басшысы**



М.Н.Утебаев